

## **«Педагогикалық анимация» курсы бойынша дәрістер жинағы**

### **Дәріс 1 Педагогикалық анимация технологиясының негіздері.**

Аниматор (актер) - сан қилы іс-шараларда әр түрлі кейіпкерлерді көрсететін әртіс болып табылады. Анимациялық топтың (ағыл. animation team) құрамына кіреді. Қонақтарды қарсы алу мен олардың көңіл-күйін көтеру қызметін атқарады. "Аниматор" деген термин қазіргі таңда екі мамандықты білдіреді. Аниматорлар - бұл мультипликациондық фильмдерді жасайтын адам да, қалалық мерекелер мен курорттық қонақүйлерді барлығының көңіл-күйін көтеретін актер де болып келеді. Аниматорлар болуға 18-30 жас аралығындағы, кез-келген жыныстағы тұлғалар шақырылады. Аниматор болу үшін әдетте, жақсы денсаулық иесі болуы керек, созылмалы аурулары бар адамдарға бұл жұмыс жақпайды. Аниматор болам дегендерге, сонымен қатар шет тілдерін білу де артықшылық жасамайды. Аниматорлар қызметін көптеген жағдайларда жоғарыдағы қызмет түрімен де шатастырып жатады. Бірақ қазіргі таңда екі қызмет түрі де танымал.

Әсіресе, аниматор-актер шетел курорттары мен демалу орындарында өте үлкен сұранысқа ие. Олар жаз айларында болатын көптеген іс-шараларды қызықты өткізуге көмектесетін, барлығын ұйымдастыратын дама болып келеді. Әсіресе отбасында кішкентай балалар бар отбасы үшін бұл таптырмас ойын-күлкіге айналуда. Ата-аналар да балаларымен бірге бұл ойын-думанға кірісуі мүмкін, ойындар олар үшін де қызық болары сөзсіз. Аниматорлардың түрлері: 1. Балаларға арналған аниматор - 3 -тен 14 жас аралығындағы балаларға арналған бағдарламалары бар және арнайы киімдері бар актер; 2. Корпоративті кештер мен топтар ұйымдастыру аниматоры - инструкторларға көмек көрсететін, арнайы киімі бар немесе конкурстар, топтық ойындар өткізуге көмектесетін тұлға; 3. Қонақүйдегі аниматор - 3-тен 55 жас аралығындағы келушілерге спорттық, балаларға арналған сан қилы ойын-сауықтық бағдарламалары бар адам. Аниматор өзінің қызметі бойынша дүниежүзіндегі ең қызықты мамандық иесі болуы үшін: психологиядан білім, ой-сана деңгейі, ішкі мәдениет пен тәрбие, актерлік талант, ән айту немесе би билеу, ораторлық өнер және т.б. көптеген құраушылар иесі болуы керек. Аниматордың негізгі мақсаты болып тек оны қоршаған адамдардан күлкі алу болып табылады. Аниматор іс-қимылдары да икемді болып келеді.

Аниматордың негізгі функциясы - болып жатқан оқиғаларға әрқашанда көңілді аудару. Аниматорлардың негізгі кейіпкерлері болып, клоундар деректі және мультипликационды фильмдердің кейіпкерлері, пираттар мен қарақшылар және т.б. болады. Кең мағынада аниматор - кеңес дәуірінен бері келе жатқан " массовик-затейник" қызметінің қазіргі кездегі атауы болып табылады. Қазіргі кезде аниматордың қызметі ХХ ғасырдың технологияларын қолдана отырып жұмыс істейді. Негізінен олар жарнама мен ойын-сауық сферасында қызмет атқарады. Аниматорлар сан қилы іс-шараларда: корпоративті кештерде, фирмалардың юбилейінде, балаларға

арналған мерекелерде болады. Аниматорлар сонымен қатар, промоакцияларда: лотореяларда, презентацияларды жарнамалық акциаларда сонымен қатар, туристік бизнесте, әсіресе курорттарда мен шетелдік турбазаларда болады. Мұндағы аниматорлардың қызметі сан қилы - шоуларды кештер мен дискотекаларды жүргізуден бастап, спорттық жаттығуларды (аэробика, жүзу, футбол және т.б.) ұйымдастыруға дейін.

Аниматорлар кез-келген мерекені ұйымдастырушылармен бірігіп, ойластырып, көптеген конкурстар мен қызықты заттарды ойлап табады. Мереке барысында аниматорлар келген қонақтарғы көңілді, қызықты болуы қадағалап жүреді, ешкімнің де ұмытылып не шетте қалып қоюын болдыртпайды. Осығай байланысты, аниматор жақсы психолог та болғаны абзал, сонда ғана ол әр адамға өзіндік тіл табысу тәсілін таба алады. Професионалды аниматорлар бар мерекелер әрқашанда көңілді және екпіндеп өтеді. Адамдарға олардың көңіл-күйі туралы басқа біреудің ойлағаны тек жеңілдік болып, үлкен кісілердің өздері де балалармен бірге көңіл көтереді. Сонда барлық конкурстар, эстафеталар мен қызықты байқаулар тек бақытқа бөлейді. Қазіргі таңда аниматорлық қызметтің бірнеше бағыттарын атап өтуге болады: қонақ үйлік, клубтық, қалалық, мерекелік және туристік.

## **Дәріс 2 Анимациялық іс-әрекеттің құралы, формасы және әдістері технологиялық үрдістің негізгі құрамдас бөлігі.**

«Анимация» термині принципіалды мәнде «Animation» француз тілінен аударғанда: жандылық, жандану, тірілту, бос уақытты ұйымдастырушы кәсіп деген мағнаны білдірсе, латын тілінде «anima» анимация түбірінің бірнеше жеке мағыналары бар. Латын тілінде ол мынандай мағыналарды білдіреді: өмірлік бастау, өмір, саналы бастау, рух. Осыларға байланысты келесі түсініктерді қарастыруымызға болады, яғни «anima» (жен) және «animus» (муж): тілек, ұмтылу, ерік «жан құштарлығы», көңіл-күй «жан қалайды», батырлық ерлік «рухпен қабылданады», рахаттану, ләззәт алу, көңіл көтеру «жан құалағанның бәрі». Сонымен анимацияның түбірі «anima» тірілту, жандантыру, мінезді тәрбиелеу деген мағыналарды білдіреді.

Латын тіліндегі «Animator» сөзбе-сөз аударғанда өмір беруші, мінезді тәрбиелеуші деген мағынаны білдіреді, ал француз тілінен «Animateur» терминін сөзбе-сөз аударғанда дем беруші, басқарушы, бос уақытты ұйымдастырушы, жол көрсетуші деген мағынаны білдіреді. Ұғымның қызықты жағы маманның жұмысының өзгешелігін көрсетуінде: аниматор қызықты және әлеуметтік пайдалы іс-әрекеттерді ұйымдастыруға жағдай жасап, адамдарды іс-әрекетке қызықтыруға және онымен айналыстыруға тырысады.

В.Г.Бочеровтың анықтамасында «анимация» ұғымын - бос уақыт саласында, шығармашылық ізденіс іс-әрекетін ұйымдастырумен байланысты кәсіби іс-әрекет деп түсіндірілген.

А.И.Лучанкин мен А.А.Сняцкий «аниматор» атауын: балалармен, жеткіншектермен, жастармен мәдени тәрбиелеу құралдарымен шеберлікпен қарым-қатынаста болатын, педагогикалық бос уақытты ұйымдастырудың технологиясын меңгерген маман деп түсіндіреді.

Берілген анықтамаларды жүйелей, **кәсіби педагогикалық аниматор іс-әрекеті тәрбиеленуші тұлғаның үйлесімді және жан-жақты дамуына бағытталады** деген тоқтамға келдік. Осыдан шыға оның негізгі мәселелеріне мыналарды жатқызамыз: **жеткіншектердің өзіндік іс-әрекеттерінің дамуына мотивацияның қалыптасуы; жастардың қызығушылықтарына байланысты топтарды ұйымдастыру және жастардың өзара әрекеттерін шығармашылық қатынаста ұстау; ортақ мейрамдарды ұйымдастыру.**

Кәсіби педагогикалық аниматорлық іс-әрекеттің мәнін, анықталған типтегі, өзара әрекеттесудегі шынайы әрекеттен көруге болады. А.В.Мудрик анықтағанындай **өзара әрекеттесу қарым-қатынасты қажет етеді.**

Бос уақыттағы өзара әрекеттесу **ерікті және таңдаулы** болады.

Сөйтіп, кәсіби педагогикалық аниматор іс-әрекетіне мәніне берілген көптеген анықтамаларды талдай келе оған төмендегідей анықтаманы беруге болады.

Кәсіби педагогикалық аниматорлық іс-әрекеттің мәні: бос уақыт саласында әр түрдегі және формадағы педагогпен тәрбиеленушінің арасындағы өзара әрекеттесуінің, көпшекті және көпбағдарламалы іс-әрекетінің жинақталуы. Осының көмегімен: релоксациялық-қалпына келтіруші, мәдени білім беруші және мәдени шығармашылық қасиеттерімен, тұлғаның белсенділігіне жағдай жасауға бағыттайтын аниматордың іс-әрекетінен көруімізге болады.

Кәсіби педагогикалық аниматор іс-әрекетінің құрлымында педагогикалық іс-әрекеттегі қызметтің ортақ түрлерін сол сияқты тек өзіне қатысты қасиеттерінің өзгешеліктерінен көрсетуге болады.

Сөйтіп кәсіби педагогикалық аниматорлық іс-әрекетте құрастырушы-моделдеуші шекте жобалау, талдау, болжаушылық қызметтерді бөліп көрсетуге болады. Бұл қызметтер кез келген басқару іс-әрекетінде көрінетін мақсатты пайымдау, болжаушылық, жоспар жасау, шешімді өңдеу және таңдау әрекеттерімен байланысты. Кәсіби педагогикалық аниматорлық іс-әрекетіндегі аталған қызметтер бос уақыттағы өзара әрекетті ұйымдастыруға бағытталады.

Кәсіби педагогтың аниматорлық іс-әрекетінің ұйымдастырушы-жандандырушы компоненті өзіне педагогикалық іс-әрекетті сипаттайтын ұйымдастырушы, байланыстырушы және басқарушы қызметті қосады.

Бос уақыт саласында педагог еңбегінің негізгі құралы: педагогикалық қарым – қатынас арқылы жүзеге асатын, баламен психологиялық өзара әрекет болып табылады. Осындай өзара әрекет, педагогтың келесі қызметтерін жүзеге асырады: өзіндік презентация, әлеуметтік перцептивті, кәсіби педагогикалық аниматор іс-әрекетіндегі коммуникативті

компонентінде қамтылған негізгі афектілі қызметін. Педагогикалық аниматорлық іс-әрекетте педагогтің өзіндік презентациясының қызметі: өзара әрекет жасайтын тәрбиеленушінің топтың назарын өзіне аудыра, ұстап қалу болып табылады. Өзіндік презентацияның ең тиімді формасы «дем беруші мінез» болып есептеледі, бұл өзіндік педагогикалық әрекеттің барысы және бос уақыттағы өзара әрекет процесінің реакциясы; ниетін демонстрациялап көрсету; оптималды қатысу; қызығушылықтың болуы. Мұндай мінез педагог тұлғасының ішкі тәжірибелілігін және сыртқы мәдениеттілігін көрсетеді. Педагогикалық аниматорлық іс-әрекетте өзіндік презентация «педагогикалық шеберліктің» құрылымдық элементі ретінде қарастырылады. Айтылған іс-әрекеттің өзгешелігі, мұнда педагог эмоционалдық күйін көрсетеді. В.А.Кан- Каликаның анықтамасы бойынша: «педагогикалық эмоция» педагогтың өмірлік және педагогикалық мақсатқа сәйкес уайымдарының көрінісі, себебі педагогтың жағдайларға байланысты ерікті уайымдарының болуы және өмірдегі адамдар сияқты педагогтың еріксіз уайымдарының пайда болуы. Бұл күш салулар педагогтың «әуесқорлық, қарқындылық, нәтижиелі расталғандығымен» жүзеге асырлады деп К.С. Станислав ойын білдірген.

Педагогикалық бос уақытты ұйымдастарудағы өзара әрекеттің эмоционалдық стимуляциясы, жеңілдену, психологиялық ыңғайы шығармашылық өзара іс- әрекеттің пайда болуына жағдай жасайды. Сол жағдайда ортақ эмоционалдық психологиялық кеңістік пайда болады. Бос уақыттағы өзара әрекеттің және тәрбиелеуші мен тәрбиеленушінің еркін шығармашылықтарының дамуына мүмкіндік береді. Педагогтың дәл осы қабілетінің негізінде кәсіби педагогикалық аниматорлық іс-әрекетінде эффектілі қызмет көрініс табады.

Кәсіби педагогикалық аниматорлық іс-әрекетіндегі әлеуметтік - перцептивтік қызметі педагог тәрбиеленушінің сыртқы жүріс тұрысының өзгерісіне де ішкі жеке өзгерісіне де көңіл бөлуімен сипатталады. Әлеуметтік- перцептива қызметінің жүзеге асуына қолданылатын әр түрлі механизмдер ішінен педагогикалық аниматорлық іс-әрекетте қолданылатын эмпатия және аттракцияға көңіл болсек. Эмпатия адамның басқа бір адам уайымына серік бола, оның сезіміне, ойына кіре білуі. Жаңашыл зеттеулер эмпатияны эмоционалды қайырымдылық, адамды адам түсіну процесі, көңіл білдіруші, уайымына серік бола білу деп түсіндіреді. Бірақ Е.В. Андриенко және М.А. Битяновтың ойларына, адамдарға жан ашудың ерікті сезімінің қалыптасу механизмі аттракция сияқты басқа адамды тани білуінде, қабылдауында көрініс табады. Адамдар арасында жағымды сезімнің достықтың, махаббаттың болуы адамдардың бір-бірін тереңірек тани білуіне мүмкіндік береді.

Кәсіби педагогикалық аниматорлық іс-әрекеттегі әлеуметтік перцептива қызметінде, педагогтың қосымша механизм ретінде қатыса білу аттракция болып табылады.

### **Дәріс 3 Театр педагогикасын бос уақытты ұйымдастыру саласына қолдану мүмкіндігі мен ерекшеліктері.**

Кәсіби педагогикалық әртістік шеберлік - педагогикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін білім, бейімділік пен дағдылар жүйесінде болашақ актердің кәсіби даярлығының маңызды көрсеткіші болып табылады. Актерлердің кәсіби педагогикалық әртістік шеберлігін жетілдіруде мынадай мәселелер шешімін табуы тиіс:

- ғылыми білім деңгейінде педагогикалық әртістік шеберлікті актер дайындаудағы маңызды сапа ретінде жүйелі зерттеулердің жүргізілуі; педагог қызметінің шығармашылық сипаты және әлеуметтік қызметін жандандыру;

педагогикалық қызметтің тұлға дамытушы және оны жүзеге асырудағы мәнін талдай отырып, біліктілікті арттыру жүйесінде жан -жақты қарастыру;

- болашақ актердің шығармашылық бағыттылығын дамыту;
- мүмкіндіктерін ашу, өзіндік «Мені» мен шығармашылық орта құруда, болашақ педагогикалық қызмет талаптарын меңгеруге жағдай жасау;
- пәнді жүйелі тереңдетіп оқыту, лекция, семинар, өзіндік жұмыстар мен сабақ кестесіне педагогикалық практика және шығармашылық күндерді ендіру;

- студентке жоғарғы оқу орындарында оның жеке кәсіби-педагогикалық қызығушылықтарына, қабілеттеріне, оған базалық оқу жоспарын жүзеге асыруға белсенді араласуға себеп болатын мүмкіндіктеріне сәйкес білім қызметтерін ұсыну.

Бұлардың барлығы өте маңызды және бүгінгі қоғам талабына сай болашақ маманның жан-жақты даярлығына, жеке тұлғасының қалыптасуына, оқыту үдерісін жетілдіруде және педагогикалық үдерістің жүйелі сипатын біртұтас шығармашылық құбылыс ретінде дамытуға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Әсіресе, студенттің даралық мүмкіндіктерінің барынша ашылуына және дамуына, онда жеке кәсіби педагогикалық әртістік шеберлік ерекшеліктерінің танылуына себеп болатын шығармашылық қызметке кәсіби даярлау жолдарына ерекше назар аудару қажет.

Осы бағытта ғана актерлер қоғамдағы өзінің орнын нығайтып, мотивациялық-құнды рухани қарым-қатынасты білім мазмұнын қалыптастырып, ұрпақ тәжірибесіне сапалы бағдар бере алатын болады.

Студенттердің педагогикалық шығармашылық пен әртістік шеберлікке өзін-өзі тәрбиелеуін (оқытушының бағыттауымен) болашақ актердің теориялық және практикалық даярлығымен үйлесімді сабақтастырғанда ғана нәтижелі болады. Өзін-өзі және іс-әрекетін ұйымдастыруда студенттер өз тұлғасын, сапалық құрылымын тани отырып, өзінің келеңсіз және жағымды жақтарын анықтап, кәсіби маңызды ерекшеліктерді, сапаларды дамытуға бағытталады.

Болашақ актердің даярлық жүйесінде кәсіби әртістік шеберлігін қалыптастыру педагогикалық және психологиялық курстардың, педагогикалық шығармашылыққа арналған арнайы тақырыптардың енуі; өзінде шығармашылық бастауды дамытуға бағытталған тапсырмалар мен

жаттығулар жүйесін жасау; педагогикалық қызмет ерекшеліктерін міндетті түрде ескеретін жақын пәндерді біріктіруде жүзеге асады.

Болашақ актерлердің кәсіби педагогикалық әртістік шеберлігін қалыптастыруда арнайы қабілеттерді дамыту үшін, актерлердің міндеттерін қарастырайық.

Оқу үдерісінде кәсіби педагогикалық әртістік шеберлікке даярлаудың жүйелі ұйымдастырылуы, теорияны тәжірибемен байланыстыруға көмек беруде шығармашылық қабілет басым орынға ие. Өйткені, студенттерде сөзсіз пайда болатын «қалай істеймін» және «Бұл білімді шынайы әрекетке айналдыра алмаймын» деген қарама-қайшылықтарды шешуіне мүмкіндік береді.

Олардың шығармашылық ұстанымдарды жүзеге асыруына, кәсіби мақсаттарға қол жеткізуге бағытталуы мен оны рухани-эмоционалдық тұрғыда түсінуі, оқу үдерісіне педагогикалық әртістік шеберліктерді ендірудің, алғашқы қадамы болып табылады.

Бұл оқытудың әдістемелік құралдарын қолдану мен оқу үдерісінің құрылымын жаңартуға тырысу ғана емес, оқытуды ұйымдастыратын оқытушының кәсіби міндетінің жаңаша сипатын дәлелдейді.

Педагогикалық әртістік шеберліктер негізінде кәсіпке бейімделудің табысты болуы, кәсіби іс-әрекеті мен рухани құндылықты дамыту тұрғысынан түсінуі, ұжымның психологиялық климатымен, қоғамға бейімделуі және жеке ерекшеліктерімен байланысты және кәсіби бейімделу кезінде педагогикалық әртістік шеберлік мазмұны, ұжымдағы қарым-қатынас өзара әсер етеді.

ЖОО оқу үдерісі кезінде болашақ актерлерді кәсіби қалыптастыру, педагогикалық әртістік шеберлікті дамыту жағдайы әрқашан қызығушылық тудыратын өзекті мәселе. Осы мәселе жөнінде Л.И.Божовичтің [2] тұлғаның ішкі бағдары түсінігін пайдалана отырып, адамның ішкі рухани дамуын көп жағдайда тұлғаның кәсіби маман ретінде дамуымен байланыстырады.

Ол: «Кәсіби іс-әрекет адамның өмірлік іс-әрекетінің маңызы болып табылады, өйткені ол арқылы тұлғалық толыққанды өзін-өзі жүзеге асыру өз мүмкіндіктерін толығымен жұмсауды қамтамасыз етеді» деген пікірді қуаттайды.

Адамның ішкі позициясы өзінің объективті бейнеленуінде тұлғаның кәсіби қалыптасуында көрініс береді. Нәтижесінде, болашақ кәсіби шеберлігіне деген жалпы жағымды эмоциялық қарым-қатынасы дамиды.

Білім беру үдерісін және оқу-тәрбие саласындағы құбылыстардың басты нәтижесі әдіснама мәселесінде: біріншіден, әдіснама логикалық ойлаудың, іс-әрекетінің әдісі мен құралы, әрі оның құрылымы туралы ғылым ретінде қабылданса, екіншіден, ол ғылыми қабылдаудың әдісі мен нормасы ретінде қарастырылып, теориялық дамудың әдіснамасы немесе қабылдаудың түрлері ретінде педагогикалық шындықтың анықтамасы болып есептелінеді.

1944 жылы 6 қыркүйекте Алматыда жас көрермендер Театрын (ЖКТ) ашу туралы қаулы шығады. ЖКТ ұйымдастырушысы және бірінші режиссер болған КСРО халық артисі, КСРО мемлекеттік сыйлығының, Лениндік

сыйлықтың лауреаты, Социалистік Еңбек Ері Н. И. Сац. Театр болып қалыптасуына В. С. Розов көмегін тигізді. 1945 ж., 7 қарашада Алматылық сәбилер алғаш театрдың табалдырығын аттады. Таңертең Е. Шварцтың «Қызыл телпек» пьесасы бойынша қойылған Н.И. Сацтың спектаклі, кешке Исидора Штоктың «Лейденді қоршау» пьесасы бойынша драматург әрі режиссер Виктор Розовтың қойылымы жүрді. 1946 ж. қазақ труппасы құрылды.

#### **Дәріс 4 Бос уақытты ұйымдастыру драматургиясы негіздері.**

Өтпелі кезеңнің ең өзекті мәселелерінің бірі ол жаңашыл адамның бос уақытын тиімді ұйымдастыру болып табылады. Э. Фромм айтқандай: «Біз өткен жүз жылдыққа қарағанда жұмыс уақытын екі есе қысқарттық. Біздікіндей бос уақытты ата-бабаларымыз армандай да алмаған. Енді не болды? Біз сол бос уақытты қалай дұрыс өткізу керек екенін де білмейміз. Біз уақытты өлтіргенімізге, бір күннің біткеніне қуанамыз». Е.А. Ямбургтың пайымдауынша, Жаңашыл заманда білікті және мобильді тұлға тәрбиелеумен қатар, басқа да мақсат бар, ол – «рухани бай тұлға» тәрбиелеу. Жас адамның мынадай тұлғалық қасиеттері маңыздырақ болып бара жатыр: ашықтық, шығармашылық белсенділік, инициативтілік және жауапкершілігі мол дербестік. Бұл қасиеттердің барлығы тұлға бойында бос уақыт сферасында қалыптасатындығы күмән келтірмейді. Қоғамда тұлғаның бос уақытын тиімді ұйымдастыру әлеуметтік тәрбие аясына жататыны мойындалды. Бұл жағдай Еуропа мен Ресей сияқты көптеген елдердің қазіргі жаңашыл білім саясатына әсерін тигізіп отыр, және инновациялық үдерістерді маманның дайындығында көрсетілген шеңбер үшін кедергі келтіреді. Маңызды үлесті осы мәселенің зерттемесіне В.Г зертте- енді. Афанасьевтың, Л.Г. Борисовой, Л.А. Гордона, Б.А. Грушина, Г.Е. Зборовского, М.С. Кагана, Э.В. Клопова, Г.П. Орлова, В.Д. Патрушева, В.И. Пименовой, Г.А. Пруденского, С.Г. Струмилина, Э.В. Соколова, Н.Н. Трубникова и др. Аталған және басқа да авторлардың еңбектерінде бос уақыттың әлеуметтік ұғым және тұлға дамуының шарты ретінде жалпы әдістемелік талдауы жасалды. Түрлі сөздіктерде «бос уақыт» ұғымы – бұл адамда қалатын жұмыстан және сабақтан тыс уақыт сияқты міндетті жұмыстарынан тыс (үй шаруасы, өз өзіне қарау сияқты) уақыты. Бос уақыттың бұндай анықтамасы басқа да шет ел ғалымдарымен (Т. Веблен, Э. Гидденс, С. Де-Гразия, М. Каплан, С. Паркер и др.) и отечественных (Л.А. Гордон, Б.А. Грушин, В.Л. Иноземцев, Э.В. Клопов, Г.П. Орлов, Э.В. Соколов және т.б. В.Л. Иноземцев ойынша, қазіргі таңда бос уақыт пен еңбек айырмашылығы қалмай бара жатыр.

Адам баласы өмірінің басты мақсаты – ол мәдениет принциптеріне сүйене отырып, өзінің бойындағы дарынды-қасиетті дәйекті де тұғырлы етіп тәрбиелей отырып, жүзеге асыру. Өйткені мәдениеттің өзі өмірдің тиянақтылығын, дәйектілігін, мәнділігін, табандылығын, тұрақтылығын қамтамасыз ететін бірден-бір институт болып табылады.

Мәдениет, негізінен, қарқынды түрде қоршаған ортаны, қоғамды, адамзаттың өмір сүру салтын өзгеріске ұшырата алады, сондықтан ол өмір сүрудің шығармашылық факторы ретінде және қоғамдық жаңа өзгерістердің шексіз қайнар көзі ретінде бағаланады. Осыдан мәдениеттің потенциалын, оның ішкі байлығын іздеп табуға және оның мүмкіндіктерін жүзеге асыруға деген құлшыныс туындайды. Мәдениетті адам баласы өзінің ішкі потенциалын жүзеге асыруы мен өзінің ерекшелігін атап көрсетуінің құралы ретінде қарастыра отырып, мәдениеттің тарихи процестерін және адам баласына позитивті әсер ететін жаңа түпсіз, шексіз импульстарды көруге болады.

Мәдениет – бұл халықтың мыңдаған жылдар бойы жинаған шығармашылық туындылары және тарихы. Мәдениет адамдардың әлеуметтік болмысты сақтау және жанарту (инновация) жөніндегі қызметі және осы қызметтің жемістері мен нәтижелері болып табылады. Әлеуметтік болмыс адам баласысыз тіршілік етпейді және оның қасиеті де дәл осы қасиетінде шоғырланған. «Адамзаттың рухы мен келбеті, оның ерік-бостандығы мен тарихи зейін-есі, философиялық жүйелері мен рәміз-таңбалық өсиеттері, орны толмайтын шығындары мен өмірлік сабақтары, діні мен тілі, ділі мен мақсат-мұраты – осының бәрі мәдениетпен біте қайнасқан».

Мәдениет ғылым айналымында және күнделікті өмірде жиі қолданылып жүретін сөздердің бірі болып табылатынын бәріміз білеміз. Әр адам баласы мәдениет сөзінің ғылыми мән-мазмұнымен таныспай тұрып, мәдениетке өзінің осы уақытқа дейін алған біліміне («априорлық білімге») негізделе отырып, өз тұрғысынан анықтама береді. Қазіргі мәдениеттану пәні де «мәдениет» ұғымын бейнелеудің екі негізгі ыңғайлары барын көрсетеді –

1. Күнделікті – қарапайым адам баласы беретін сипаттамалар;

2. Ғылыми (арнайы) – мәдениеттанушылар мен ғалымдардың көп жылдық еңбектері арқасында қол жеткізген құнды да мәнді анықтамалар.

Күнделікті өмірде мәдениет ұғымы 3 мағынада қолданылады:

1. Мәдениет деп қоғам өмірінің белгілі бір сферасы. Яғни, бұл сфера институционалды бекітілген сфера болып табылады (Мәдениет министрлігі, мәдениет бойынша дайындайтын орта кәсіпқой және жоғары оқу орындары, рухани құндылықтарды өндіретін және тарататын жүйелер – журналдар, қоғамдар, клубтар, театрлар, мұражайлар және т.б.);

2. Үлкен әлеуметтік топтарға, қауымдастықтарға, халыққа немесе ұлтқа тән рухани құндылықтар мен нормалар жиынтығын мәдениет деп түсіну (элитарлы мәдениет, қазақ мәдениеті, шетелдік қазақ мәдениеті, жастар мәдениеті және т.с.с.);

3. Мәдениет дегеніміз рухани жетістіктердің сапалы дамуының жоғары деңгейі («мәдениетті» адам=«тәрбиелі» адам, «жұмыс орнының мәдениеті» =қызмет ету кеңістігінің тазалығы, жинақтылығы).

Сонымен, шындығына келгенде, адамдардың көпшілігі мәдениет деп өмірдің жалпы адамзат қабылдаған және тұрақты формаларын түсінеді



(салт-дәстүрлер, нормалар, институттар). Көпшілік жағдайда, мәдениеттің қарама-қайшы мағынасындағы сөзді пайдаланылатыны («мәдениетсіз») да белгілі нәрсе.

Ғылым әлемінде «мәдениет» ұғымын, категориясын және терминін жеке-жеке, сонымен қатар, дұрыс және дәл анықтама беруге тырысады. Алдымен «мәдениет» сөзінің этимологиясын қарастырар болсақ, бірқатар құнды деректер алуға болады. Яғни, «мәдениет» сөзінің ғылымда әлеуметтік дүниетанымға ие үш этимологиялық бастамалары бар:

1. «Cultura» деген сөзді ежелгі латын тілінен қазақ тіліне аударғанда жерді өңдеу, күту деген мағынаны береді;

2. Ал «cultus» деген латын сөзін қазақ тіліне аударғанда табыну, құрметтеу, білімділік, тәрбие және даму деген мағынаны береді;

3. Ал «медина» деген сөз араб тілінен аударғанда қала, қалалық деген мағынаны береді.

Сонымен, мәдениет (немесе culture) ежелгі дәуірлерден келе жатқан термин болып табылады. Мәдениет феномен ретінде көп қабатты және көп сырлы болып табылады, оған бір жақты және бір аспект тұрғысынан анықтама беру көп нәрсеге бағыт бермейтіні – хақ. Қазіргі таңда «мәдениет» сөзі қарапайым өмірде және ғылымның барлық салаларында көп қолданылатын сөз болып табылатыны жоғарыда айтылды. Яғни, мәдениет сөзі – бұл көп мағыналарға және мәндерге ие құнды термин. «Мәдениет», сонымен қатар, 7 аспектілі ұғым болып табылады, яғни күнделікті өмірде мәдениет дегеніміз:

1)Нәтиже;

2)Процесс;

3)Іс-әрекет;

4)Тәсіл (мысалы, жануарлардан ерекшеленетін адам баласының өмір сүру әдет-ғұрпы);

5)Қарым-қатынас;

6)Норма;

7)Жүйе.

Мәдениет феноменін ғылыми тұрғыда қарастыратын пән – бұл мәдениеттану пәні. «Мәдениеттану – бұл ХХ ғасыр ғылымы, ол ғылыми коммуникация мен мәдениеттердің өзара байланысының қарқынды даму жағдайындағы Әлем мәдениеттерінің өзара жақындасу мен өзара араласу нәтижесінде туындаған қиындықтарға деген жауап ретінде қалыптасқан ғылымның бір саласы болып табылады».

Бірақ, шындығына келгенде, мәдениеттанудың тарихы-түбірі тереңде жатыр. Оның идеяларын Антика, Ортағасыр және Ренессанс дәуірлерінің мұраларынан байқауға болады, ал ХVІІІ ғасыр аяғы – ХІХ ғасыр басы кезінде Еуропа қоғамдық ой жүйесінде ыңғайлар қалыптаса бастады. Сондықтан да мәдениеттану пәні ХХ ғасыр кезі емес, одан ертерірек басталды деп есептеу дұрыс болар.

## **Дәріс 5 Педагогикалық режиссура бос уақыт әрекетіндегі логикалық байланысты құрастыру үрдісі ретінде.**

Әлеуметтік педагог- бос уақытта ұйымдастырушы жаңа деңгейінде оның белгілері жоғары мәдени білімділік, рухани- адамгершілік тәрбиелілігі, кәсіби біліктілік болып табылады. Педагогикалық ұйымдастырылған бос уақыт жүйе ретінде оның элементтерінің санына сәйкес келеді. Ол аниматордың кәсіби іс- әрекетінің объектісінің интегративті сапасын иеленеді. Бір жағынан- бұл бала, жасөспірім, жеткіншек тіршілік әрекетінің молдығына, ал екінші жағынан – бұл педагог иеленетін қоғамдық мәдениеттің элементтері . Осы жағдайда болашақ маманды аниматорлық іс-әрекетке ерекше дайындығы гуманистік құндылықтар болып табылады. Осындай маманды дайындау негізіне В.А.Сластенин пікірі бойынша, жүйелік тұлғалық қайраткер және индивидуалды-шығармашылық тәсіл болды. Индивидуалды шығармашылық тәсіл мамандарды тұлғалық деңгейде студенттерде шығармашылық индивидуалдықтың көрінуі немесе қалыптасу негізінде дайындық процесін жүргізуге мүмкіндік береді. Гуманистік педагогикалық білім берудің принциптері мен міндеттеріне сәйкес болашақ мамандарды педагогикалық анимациялық іс-әрекетке дайындаудың мазмұны мен технологиясы өңделуі тиіс.

Жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде дамушы маңызды жүйелейтін механизм мемлекеттің білім беру стандарты болып табылады. (М.Б.СТ.) М.Б.СТ сәйкес мамандарды дайындау жалпы педагогикалық білім беруді профилі болып табылады. Студент маманды дайындаудың жаңа жүйесінде білім беру кәсібі міндеттердің шешіміне ғана емес, өзіндік кәсіби міндеттердің шешіміне де бағытталады. Кәсіби анимациялық іс-әрекетке дайындықтың жоғары деңгейінің жетістігі маманды дайындау міндеті М.Б.СТ көрсеткен барлық мазмұнды блоктармен тығыз байланысты. Олар: жалпы гуманитарлық әлеуметтік экономикалық пәндер математикалық және нақты ғылыми пәндер, жалпы кәсіби пәндер болып пәндік блогы болады.

«Жалпы гуманитарлық және әлеуметтік экономикалық пәндердің» блогы бұл студенттердің мәдениетін жалпы адами құндылықтарды тануға қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған. Мәдениеттану, құқық, тіл мәдениеті, әлеуметтану, философия деген пәндер студенттердің педагогикалық кәсіптердің ішінен өз кәсібін тандауға мүмкіндік береді.

«Жалпы математикалық және нақты ғылыми пәндер » блогы студенттерде ойлау стильдерін дамытуға қабілетті. Қолданбалы мағыналы көз қарасына қарайтын болсақ анимациялық іс-әрекетті игеру үшін аудио-визуалды немесе интерактивті оқыту технологияларымен байланысты пәндер ерекше маңызға ие. «Жалпы кәсіби пәндер» блогы студенттерде кәсіби ойлаудың, оларда педагогикалық іс-әрекет дағдыларының қалыптастыруға қабілетті. Кәсіби аниматорлық іс-әрекетке дайындау процесінде тәрбие теориясы мен әдістемесі, педагогикалық технологиялар,

жалпы және педагогикалық психология, психологиялық педагогикалық практикум деген пәндер ерекше маңызға ие.

Студенттерді кәсіби педагогикалық аниматорлық іс-әрекетте дайындауда дайындық блоктың ерекше маңызы бар. Осы блоктың оқу пәндері, студенттерді әлеуметтік педагог кәсібі әлеміне тартады. Осы процестің негізінде студенттер болашақ мамандығының іс-әрекет ерекшеліктерімен танысады. Осы блоктың пәндерін оқу барысында студенттердің әртүрлі тәсілдерімен, құралдарымен болашақ мамандық іс-әрекеттің әртүрлерін жүзеге асыруға және жобалауға тәжірибесін арттырады.

Студенттерді кәсіби аниматорлық іс-әрекетте дайындау үшін М.Б.СТ көрсеткен педагогикалық практиканы айрықша атап көрсетуіміз керек. Ең алдымен методологиялық лагерь; жаздық педагогикалық практика. Педагогикалық практика процесінде студенттердің аудиторияда алған білімін өзінше түсінуі жүреді. Осы жағдайда келешек әлеуметтік педагогтарды бос уақытты ұйымдастырушы ретінде және педагогикалық аниматорлық іс-әрекет ұйымдастырушы ретінде практика ұйымдастыру тиіс. Осылай жоғары педагогикалық білім беруді мемлекеттік білім беру стандарты білім беру саласын жүйелеуге мүмкіндік береді. Сонымен білімдерге әдістемелік негізбен педагогика категория білім тұлғаның даму заңдылықтарымен әлеуметтік қалыптасу білімі; тәрбие мақсатын, міндетін, мәнін түсіну; анатомиялық физиологиялық және психологиялық балалардың даму білімі; тұлғаның жастық кезеңде индивидуалды психологиялық ерекшеліктері білімі, педагогикалық анимациялық дамуының негізгі білімі; негізгі педагогикалық білімі .

Қалыптасқан білімдермен дағдылардың жиынтығы маманның педагогикалық аниматорлық іс-әрекеттің мақсатын жүзеге асыру қабілеттілігін анықтайды. Көрсетілген іс-әрекеттің ерекшелігі ең алдымен ұйымдастырушылық іс-әрекетінде көрінеді.

Студенттерді кәсіби аниматорлық іс-әрекетке дайындау процесінің дербес шығармашылық іс-әрекеттің, сонымен қатар оларға мотивациялық құндылықты қарым-қатынас жасауды бөліп көрсету керек. Шығармашылық педагогикалық аниматорлық іс-әрекет тәжірибесі педагогикалық процесте бос уақытты ұйымдастыруда нақтылы ойдың, идеяның тууын болжайды. Осындай тәжірибенің критерийі өзбетінше ізденуді және іс-әрекет жүйесін таңдауды жүзеге асыру болып табылады. Осы компоненттің негізінде педагогикалық аниматорлық іс-әрекетке дайындаудың мазмұны-студенттің шығармашылық спецификалық мотивациясы.

Осылай, болашақ мамандарды педагогикалық аниматорлық іс-әрекетке дайындау процесінің мазмұнында мамандардың теориялық, практикалық және психологиялық дайындық элементтерінің өзара байланысын көрсетуге болады.

Педагогикалық аниматорлық іс-әрекеттің спецификасы оқу процесін ұйымдастыру спецификасын анықтайды. Педагогикалық аниматорлық

іс-әрекетке дайындықты қалыптастырудың басты шарты болып студенттердің оқыту процесінде дербес іс-әрекеті тәжірибесі болып табылады. Педагогикалық аниматорлық іс-әрекетке оқыту процесінің ұымдастыру тәсілі тұлғалық практикалық технология арқылы жүзеге асады.

Әлеуметтік педагогтарды дайындау барысындағы білім беру процесінің технологизациясы-практикада және ғылымда зерттелуші құбылыс. Оқытуға технологиялық тәсілдің идеясы Ю.К.Бабанский, В.К.Бспалько, Н.Я.Гальперин, Н.В.Кларин, Н.Ф.Талызин, Н.Е.Шуркова және т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты. Жоғарғы педагогикалық білім беру жүйесіндегі технологияны В.И. Андреев, С.И.Архангельский, Н.Д.Никандров, В.А.Сластенин және т.б. зерттеді. Студенттерді балалардың бос уақытын педагогикалық ұйымдастыруға дайындау процесінің технологиялық аспектілерін З.И.Богоутдинова, В.Г.Бочарова, Э.А.Гальперина, Д.М.Генкин, В.А.Киселев, Г.П.Черный қарастырды.

Оқыту технологиясының анықтамасы ретінде келесі анықтамалар қолданылды: оқыту технологиясы- бұл дидактикалық процестің жүйесіне негізделген ғылыми жобаны жүзеге асырушы педагогикалық іс әрекет. Осылай, болашақ әлеуметтік педагогтарды кәсби педагогикалық аниматорлық іс әрекетке дайындау технологиясы, теориялық, идея, принциптер, әдістер, оқыту құралдарынан тұратын логикалық құрылымды дидактикалық процес. Білім беру процесінің критерийі ретінде келесі жағдайларды бөліп көрсетуге болады: белгілі бір оқыту ретінде студенттердің іс әрекетінің түсінігі. Операциясы зерттелушінің танымдық және практикалық міндеттер жүйесі түрінде түсінік; кәсіби функцияларды меңгеру кезеңдері; білім беру процесіне қатысушылардың өзара ықпалдастығына тәсілдерге нұсқау; студенттердің іс әрекетін мотивациялық қамтамасыз ету; алгоритімдік және шығармашылық іс әрекеттің шекараларына нұсқау;

Жоғары педагогикалық білім беру практикасына енген әр түрлі білім беру технологиялары арасынан ақпараттықпен салыстырғанда субъективті оқытуды қарастыратын тұлғалық бағытталған технологиялар бар. Тұлғалық бейімделген технологиялар оқыту процесіне, білім беру процесіне қатысушылардың тұлғалық тәжірибесін талап етеді. Көрсетілген технологиялар негізінде интерктивті өзара ықпалдасудың әр түрлі формалары. Олардың енуі барысында белгілі бір жүйелілік сақталуы тиіс. Оқытушының студенттерге толық дербестікке және әріптестік қарым қатынастың көрінуі дейінгі максималды көмегі. Тұлғалық бағытталған технологияларды тиімді қолданудың негізінде индивидуализация және білім беру процесінің шығармашылық бағыты деңгейінен кәсіби даму тәуелділігінің заңдылығы жатыр. Бұл заңдылық индивидуалды шығармашылық тәсілдің базалық сипаттамасын құрайды. Әлеуметтік педагог аниматоршының көрінуі дейінгі максималды көмегі. Тұлғалық бағытталған технологияларды тиімді қолданудың негізінде

индивидуализация және білім беру процесінің шығармашылық бағыты деңгейінен кәсіби даму тәуелділігінің заңдылығы жатыр. Бұл заңдылық индивидуалды шығармашылық тәсілдің базалық сипаттамасын құрайды. Әлеуметтік педагог аниматордың шығармашылығының қалыптасуы үшін театрлық технологияларды оқыту процесіне тиімді түрде қосу керек.

Педагогикалық аниматорлық іс әрекеттің табысты оқыту технологиялардың бірі театральды педагогиканың элементтерін қолдану технологиясы болып табылады. Соңғы жылдары театрализация әдісі психологияда қарым қатынас психологиясы, психотерапия ретінде белсенді түрде қарастырылып жүр.

## **Дәріс 6 Режиссерлік жұмыс ерекшеліктері**

Режиссура классиктері; К.С. Станиславский, В. Немирович-Данченко, В. Мейерхольд, А. Таиров, А. Папов пластика іліміне зор көңіл бөлген. Атақты режиссер, өнер қайраткері халық әртісі, профессор Маман Байсеркенұлы өзінің «Сахна және актер» атты кітабында «Ерттеулі аттай көз тартар ерекше бітім, адам тәнінің көркемдік қасиеттері жойылып барады. Әсемдіктің орнына әсемпаздық, сұлулықтың орнына сұмпайылық, көріктілік орнына кердендеушілік, адырандаған, едіреңдеген, ербендеген тұрпайы қимылдар мен қозғалыстар көбейіп кетті. Соның салдарынан сөз бен сымбаттың келісімділігі өзара үйлесім өрнегін таппайтын болды»- деп ренішпен жазады. Сол секілді оқытушылардың тек сөз әрекетімен ғана емес тұлға қимыл-әрекетімен де жаттығуы керек екенін естен шығармаса дейміз. Егер жазушы алдына белгілі бір мақсат қойса, ол оның сол тақырып жөнінде айтайын деген идеясы болып есептелінеді. Режиссерлерде де көкейкесті мақсат болады, сол іспеттес оқытушылардың да ашылатын жаңа тақырыбының негізгі түйіні мақсаты, идеясы бар. Оқушыларды шығармашылық ізденісі арқылы көру, есту зейіндерінің көлемін кеңейтіп дамыту барысында ойын, арифметикалық есептеу, тіл мәдениеті, дауыс тембрі, дұрыс қимыл, әдемі жест, қарапайым қимылдар, орындықта шусыз отырып тұру, аяқтың адымын дұрыс алу т.б. әрекеттерге арналған жаттығулар жасалынады.

Педагогика пәнінде тақырыптар өте бай. Мысалы; «қанатты сөздер» тапсырмасында оқушылар сабақ соңында оқып шыққан мәтіндерден, қай оқушы қай жерде оқу мәнерін бұзды, қай сөзде дыбыс екпінін дұрыс қоймады, деген кемшіліктерді талдаумен сабақты аяқтайды. Қай кезде рөлдік ойындар ойналады. Мысалы: сот, хатшы, айыпталушы, адвокат, куәгерлер т.б. Бұл рөлдік ойындар оқушылардың сөйлеу мәдениетін, пікір таластыру мәдениетін, сөйлеу мазмұндылығына құралады. Онымен қоса образдық талғам, сенімділік, жест, мимика үйлесімділігі де есепке алынады. Ойын сабақ соңында ойналып, талданады. Әрине оқушылар кәсіби әртіс боламғандықтан олар кейіпкерлерді шамалары келгенше, өз қиялының зердесі жеткенінше сомдайды.

## **Дәріс 7 Қызығушылығы бойынша ұйымдастырылатын клубтар қызметі: әдістемесі мен технологиясы**

Клуб - қоғамдық ұйым, ол студенттерді біріктіріп ғылыми, көркемдік, шығармашылық, саяси қызығушылықтарын біріктіретін орын;

Клуб - студенттердің өз еркімен қатынасып, қызығушылықтарын дамытатын және демалыс уақытын ұйымдастыратын орын;

Клуб - студенттердің сабақтастығын қалыптастыратын біріккен іс-әрекетке үйрететін орын;

Клуб - студенттердің тұлғалық ерекшеліктерін, адамгершілік құндылықтарын бір-бірімен қарым-қатынасын нығайтатын ұйым.

Клубтар мен үйірмелер арқылы студенттер бойында келесі дағдылар қалыптасады:

- Тұлғалық мотивация (қызығушылық, сүйіспеншілік, кәсіби қызығушылық және т.б.)
- Өзін-өзі танытудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру
- Клубтар мен үйірмелер іс-әрекетінің мақсаты мен мазмұны студенттің мәдениет деңгейі мен адамгершілік тәрбиесіне байланысты;
- Студенттердің өзін-өзі дамыту бос уақытын тиімді пайдалану, пайдалы іс атқаруға дағдыланады.

## **Дәріс 8 Анимациялық жобалық іс-әрекеттің құрылымы мен технологиясы.**

Педагогикалық жобалау дегеніміз, оқытушылар мен оқушылардың атқаратын іс-әрекетінің негізгі құрамын алдын ала құрастыру.

Педагогикалық жобалау – студент пен педагогтың болашақ іс-әрекеттерінің негізгі детальдарын алдын ала даярлау.

Педагогикалық жобалау педагогтің маңызды ұйымдастырушылық, гностикалық (студенттермен өзара әрекет етудің құралдары, әдістерін іздеу) немесе коммуникативтік функцияларының қатарына жатады.

Мұнда білім алушылармен қарым-қатынастың мазмұны, әдістері және құралдары қарастырылады.

Педагогикалық жобалау болашақ іс-әрекетті және нәтижелерін болжаудан тұрады.

Педагогикалық жүйе, педагогикалық үдеріс, педагогикалық жағдаят педагогикалық болжаудың нысанасы бола алады. Соның ішінде ең маңыздысы педагогикалық үдеріс.

Педагогикалық жобалау: 3 кезеңнен тұрады:

1 кезең – үлгілендіру; 2 кезең – жоба құрастырушылық; 3 кезең құрастырушылық

Педагогикалық үлгілендіру (үлгі құру) – бұл педагогикалық мақсат, жүйе құру немесе оның жетістікке жету жолы.

Педагогикалық жоба құрастырушылық – құрастырылған үлгіні дамыту және оны тәжірибеде қолдану деңгейіне жеткізу.

Педагогикалық құрастырушылық – құрастырылған үлгінің жеке-жеке детальдарының нақты жағдайда шынайы тәрбиеге қатынасұшылардың іс-әрекеттерінің жүзеге асуы.

Педагогикалық жобалаудың түрлеріне педагогикалық жағдаят, жүйе, үдерістің әртүрлі деңгейде сипатталған құжаттар жиынтығы жатады. Мысалға бағдарлама, тұжырымдама т.б.

Педагогикалық жобалаудың негізгі принциптері:

- адамға бағытталған принцип (негізгі рөл адам);
- өзін-өзі дамыту принципін жатқызуға болады.

Педагогикалық жобалау технологиялары: педагогикалық міндеттерді танып білу, берілген ақпараттарды талдау және педагогикалық диагностикалаудан тұрады. Ол:

- әдістемелік, стратегиялық шұғыл мақсаттарды жобалау және бір-біріне бағындырудан;

- оқытылатын пән бойынша мазмұнды іріктеуден;
- шартты айқындалған педагогикалық ой-пікірлерден;
- студенттердің өзіндік жұмысына арналған тапсырмалар жүйесін жобалаудан;

- студенттердің өзін-өзі бақылауға арналған дидактикалық тест тапсырмаларын жобалай білуден тұрады.

Педагогикалық технология – ретті және үзіліссіз өзара байланысты компоненттердің, этаптардың педагогикалық үдеріс пен оның қатысушыларының әрекеттерінің қозғалысы. А.С.Макаренко тәрбие үдерісін ерекше ұйымдастырылған «педагогикалық өндіріс» деп қарастырған. Ол тәрбие үдерісінің стихиялылығына қарсы болды және «педагогикалық техника» идеясын дамытуды көздеді. «Кеңес тәрбие техникасын» жасай отырып, А.С.Макаренко тәжірибе жүзінде «тәртіп техникасын», «педагогтің оқушымен сөйлесу техникасын», «өзіндік басқару техникасын», «жазалау техникасын» дамытты. Әрекеттердің ойластырылуы, олардың реттілігі адамда жақсы қасиеттердің жобалануына, батыл да рухани бай тұлғаның қалыптасуына бағытталды.

1989 ж. педагогика саласының маңызды бөлігі педагогикалық жобалау туралы В.П.Беспальконың жеке еңбегі жарық көрді. Педагогикалық жобалау жоспарланған іс-әрекеттің мүмкін нұсқаларын жасауға және оның нәтижелерін болжауға көмектеседі.

## **Дәріс 9 Анимациядағы әлеуметтік қорғау және реабилитациялық технологиялары**

Қазақстан Республикасы үшін қазіргі кезде қайырымдылық мәселесі басты мәселелердің бірі болуда. Елімізде әлеуметтік-экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы, бағалардың либерализациясы, жұмыссыздық сынды құбылыстыр әлеуметтік мәселелер тудыруда. Елімізде әлеуметтік-экономикалық жағдай тұрақтанбайынша қайырымдылық іс-әрекеттерін дамыту мәселесі басты орындарда тұратыны анық. Қайырымдылық

әрекетімен айналысу мемлекеттік бақылау мен қолдауға ие. Мемлекет тарапынан аз мерзімдік бағдарламалар дайындалады: жағыдайлары төмен отбасыларға қаржылай дотация, гуманитарлық көмек, сонымен бірге, елімізде көрсетілетін әлеуметтік көмектерді де қайырымдылық іс-әрекетке кіріктіре аламыз. Елімізде көмек қажет етеін жандарға көмек көрсету жүйесі қалыптасуда, алайда, бұл жұмыс бәріне бірдей түсінікті емес. Сол себепті қазіргі кезде қайырымдылық әрекеттерге, қайырымдылық қорлар жұмысын ғылыми негіздеу, оның тарихын қарастыру зерттеушілер үшін өзекті. Зерттеу жұмысымда әлемдегі және Қазақстандағы қайырымдылық қорларының тарихын, оның ғылыми негізделуін қарастыра отырып, әлеуметтік педагогтың бұл саладағы жұмысына талдау жүргіземін. Жалпы әлеуметтік педагогтың жұмыс бағыттары, зерттеу аймақтары мен атқаратын жұмыстары туралы азды-көпті еңбектер қазіргі күні педагогика саласында да, әлеуметтанушылық ізденістерде де баршылық. Дегенмен дәл біздің зерттеуге алып отырған қайырымдылық қорлар қызметі туралы зерттеулерді біз кездестірмедік. Біздің еңбегіміздің өзектілігі де осында болып табылады. Мұндай зерттеулердің саны елімізде аз. Сол себепті де, қайырымдылық тақырыбы қазіргі кезде мамандар арасында, зерттеушілер арасында өзекті болуда.

«Әлеуметтік педагог» атауы ең біріншіден мұғаліммен ассоциацияланатын педагог сөзінен шығады. Сол себепті осы мамандықты енгізгеннен соң бірінші әлеуметтік педагогтар болып мұғалімдер табылды, олар бұл мамандық бойынша арнайы білім алатындар қатарынан емес, яғни, бастапқы кезде кез-келген мұғалім әлеуметтік педагогтің қызметін атқара берді. Алайда, қазіргі кезде арнайы әлеуметтік педагогтарды даярлайтын ЖОО-да мамандық ашылды. Соған орай, әлеуметтік педагог мамандарын даярлау мекемелері педагогикалық мамандар даярлайтын оқу орындары екені де таң қалдырмайды. Шынында әлеуметтік педагог пен мұғалімнің қызметтерінде ортан нәрсе көп. Ең бірінші ұқсастық ол - олардың екеуінің де объектісі болып бала, оның дамуы мен оның қалыптасуы, әлеуметтенуі табылады.

Сонымен бірге, бұл екі манадықтың арасында екі туыс мамандықтың ерекшелігін айқын көрсететін айтарлықтай айырмашылық та бар. Мұғалім өзінің басты білім беру қызметін атқара отырып, жас ұрпаққа қоғамдық тәжірибемен келген білім мен әлеуметтік-мәдени тәжірибені береді, бұл баланың тәрбиесі мен даму үрдісіне өзінің ықпалын тигізеді. Ал, әлеуметтік педагогтың еншісінде баланың әлеуметтенуі мен қалыпты әлеуметтік қатынаста қоғамның альтернативі ретінде баланың жақсы бейімделуі. Бұл екі мамандық тек қызмет ету саласы бойынша ғана ерекшелінбейді, олар сонымен бірге, қызмет ету мекемелері бойынша да ерекшелінеді. Мысалы, мұғалім білім беру мекемелерінде өзінің қызметін жүзеге асыратын болса, әлеуметтік педагог түрлі мекемелерде өзінің қызметін іске асыра алады. Солардың бірі қайырымдылық қорлары. Қайырымдылық қорларында әлеуметтік педагогтің қызметі маңызды рөлге ие. Бұл көзқарас бойынша әлеуметтік педагогтің қызметі әлеуметтік жұмыскердің қызметін, е ұқсас



болады. Алайда, бұл екі мамандықтың өзіне тән ерекшелігі болғанымен, оларды ажыратып қарау өте қиын, себебі бұл екі мамандық та енді қалыптасып, дамып келе жатқан мамандықтар қатарынан. Алайда, екеуінің зерттеу объектісінде айырмашылық көрінеді, ол айырмашылық мынада: әлеуметтік педагог өзінің объектісі ретінде баланы, оның дамуы мен әлеуметтенуін алатын болса, әлеуметтік жұмыскердің объектісі бала да, сонымен бірге, жас ерекшелігіне қарамай әлеуметтік көмекті қажет ететіндер бола алады.

### **Дәріс 10 Сценарий бойынша жұмыс істеу ерекшеліктері: мазмұны, құрылымы, ерекшеліктері.**

Қазіргі уақытта оқыту үдерісіндегі міндет студенттерге берілетін ғылыми білімнің теориялық базасының жоғары деңгейде болуы:

- 1) мамандар даярлаудың аумағын кеңейту;
- 2) оқу пәндерінің интеграциясын жүзеге асыру;
- 3) оқыту арқылы студенттердің танымдық қабілеттерін арттыратын белсенді оқыту әдістерін кең түрде қолдану көзделуде.

Осы орайда жоғары оқу орындарындағы оқыту үдерісі студенттерге жан - жақты және іргелі білім беруді мақсат етеді. Ол үшін оқытушылар қызметін де шеберлік қасиеттерін таныта отырып, оқытушылар басқару, оқыту үдерісінің құрылымын дұрыс ұйымдастырып, оны студенттер санасына жеткізулері тиіс. Әрине, оқыту үдерісінің өзіндік қозғаушы күштері болады. Ең басты қайшылық оқытушылардың студенттерге қоятын міндеттері, талаптары, болашақ мамандардың мүмкіндіктері мен дайындығының арасындағы қайшылықтар. Жоғары оқу орнында оқыту үдерісін дұрыс басқару үшін, оның заңдылықтарын, оқыту барысында туатын негізгі талаптарын, жалпы ережелерін біліп, ескеріп отыру керек. Мамандарды дайындау міндеттерінің жылдам шешілуі үшін оқу-тәрбие үрдісінің барлық жақтарын, оқу-әдістемелік жақтарын қарастыруымыз қажет. Әдістемелік жұмыс-студенттермен жүргізілетін оқу және әдістемелік жұмыстардың барлық кешенін дайындау, ұйымдастыру және орындау үшін оқу-тәрбие үрдісі мен ғылыми дәрежесі бар оқытушылар құрамы орындайтын міндеттер мен шаралар жүйесі.

Жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие процесін жетілдіру мен мамандарды дайындау сапасын жақсартуда әдістемелік жұмыстың маңызды екенін ескеру қажет. Міне осы мақсаттарды орындау үшін мынадай міндеттер көзделіп отыр: біріншіден, нарықтық экономика жағдайына қарай ғылыми-техникалық үрдіс талаптарына сай мамандар дайындаудың қолайлы мазмұнын анықтау, екіншіден, ең тиімді әдістер мен құралдарды жасауды қайта қарастыру, үшіншіден, оқу-тәрбие үдерісінің ғылыми дәлелденген материалдық техникалық базасын жасау және құру, төртіншіден оқу барысында студенттердің шығармашылық белсенділігін арттыру және оларға берілетін ақпаратты берік игеруін қамтамасыз ету, бесіншіден, студенттер мен оқытушыларды ғылыми- техника мен өндірістің қазіргі жағдайына және дидактикалық талаптарға жауап беретін қажетті оқу және әдістемелік

әдебиеттерімен қамтамасыз ету тағы басқа. Осы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыра отырып, әдістемелік жұмыстың бүкіл кешенін 3 бағыт бойынша жүргізуі тиісті:

- 1) ұйымдастырушы-әдістемелік жұмыс (оқу және әдістемелік әдебиеттерді жазу және шығару);
- 2) оқу-әдістемелік жұмыс (студенттердің жеке жұмыстарын жетілдіру міндетіне ерекше көңіл бөлу);
- 3) ғылыми-әдістемелік жұмыс(оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру және мамандарды дайындау сапасы жақсартумен байланысты жаңа міндеттерді шешу)

Білім беру саласындағы инновациялық қызмет көрсетуде жеке пәндерді оқыту кең көлемде өз өрісін табуда. Сондықтан ол білім берудің сапасын жетілдіруде тұлғаны қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Дәстүрлі түсініктемеде тәрбие әдіснамасы шын мәнінде мектептегі нақты тәрбие жұмыстарының мазмұны мен мәселесін зеттеп-таниды, яғни сынып жетекшісінің қатысушылармен, ата-аналармен жұмыстарының әдісі мен формасы. Технология жоғарыда айтып кеткендей өнер, шеберлік туралы ілім, ол шығармашылық қасиетті талап етеді. Олай болса, жоғары мектеп оқытушысы шығармашыл тұлға болуы тиіс. Қазір «технология» ұғымын «әдістеме» сөздерінің орнында да кездестіреміз.

Технологияны әдістемеден қалай ажыратуға болады? Екеуінің арасында әрине ұқсастық бар : әдістеме педагогтің іс-әрекеті, тәсілі, ережелері, тәрбиелеу шарттары болса, технология олардың құрылымы.

Бірақ тәрбиеге технологиялық тұрғыдан қарау оның ерекше қырларын сипаттайды, дәлірек айтсақ мақсаттың нәтижелілігі және олардың жеткен жетістігінің дәрежесін айқындау мүмкіндігі; үдеріс бала мен оқытушының іс-әрекетінің, тәрбиелеу іс-әрекетінің барлық қатысушыларының операциялық және алгоритмдік сипаттамасы; процедураның іске асырылуы, оларды ұқсас жағдайларда да қайталау мүмкіндігі.

Алдында айтылып кеткендей, технология, нақтырақ айтсақ кез келген тәрбиеші қолдана алатын, тәрбиелеу іс-шараларынан нәтижені тексеруге дейінгі мәселелердің, іс-әрекеттердің барлығын сипаттайтын педагогикалық үдерісті айтамыз. Осылайша теория мен практика ұштастырылады: тәрбие теориясы→технология→техника→оқытушы тұлғасы.

Тәрбиені технологияландыруда бірден-бір қарсылық тұлғалық шеберлік, шығармашылық үдерістердің, тәрбиенің стандартты, техникалық, автоматикалығымен сәйкессіздігінің нақтылығы.

Дәстүрлі педагогика оқытушының мораль, сендіру, құндылық, рухани приоритеттерінің болуына шарт қояды. Әсіресе, шығыста оқытушы болу үшін

«кемеліне келген сүйікті адам» болу керек деп есептеледі. ( Э. Фром)

Алайда шығыс елдеріндегі қазіргі заманғы педагогикада оқытушының кәсіби біліктілігін және технологияны меңгере алушылығын талап етеді. Тәрбиешінің дара және шығармашылық жұмысының мәнісіне қарамастан,

оның кәсіби іс әрекеті тәрбие технологиясын құруға себепші болатын технологиялық «өнімділігі» ретінде қарастырылады.

Технология және шығармашылық – бұларды сәйкестендіру мүмкін бе? Өндіруде импровизация технологияның бұзылуына алып келеді.

Тәрбие субъектісі мен объектісі – тірі адамдар қатысушыларының бейімделуін, оқытушылардың және оқушылардың механикалық және технологиялық ұйғарым беру коррекциясын талап етеді. Тәрбиеші тұлғасы оқытушы тұлғасымен тең, яғни педагогикалық үдерістердің құрамдас бөлігі болып табылады, адами фактор әлеуметтік үдерісте, тәрбиеші шеберлігі маңызды болып табылады. Оқытушының кәсіби іс-әрекеті, кәсіби біліктілікпен сипатталады.

### **Дәріс 11 Әлеуметтік педагог пен өзін-өзі тану мұғалімінің рекреациялық-сауықтыру қызметі.**

«Өзін-өзі тану» пәні арқылы жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілігі мол, бір-біріне сүйіспеншілікпен, құрметпен қарайтын, өмір сүруге деген құштарлығы жоғары жеке тұлға тәрбиелей аламыз. Өзін-өзі тану пәнінің авторы С.А.Назарбаева: Өзін-өзі тану пәні адамның өзін-өзі тануына, өзінің ең жақсы қасиеттерін анықтауға, өз ар-ұжданын сақтап, әрқашанда АДАМ деген атқа лайық болуына ықпал етеді. «Жақсы адамды кездестірсең одан, үйренуге тырыс, ал жаман мінез құлықтағы адамды кездестірсең өзінді-өзің зертте деген» Конфуций. «Өзгені тану үшін өзінді-өзің таны» Сократ (б.г.д. 469-399 жылдар) деген болатын. «Рухани кәусәр бұлаққа барар жолды іздеу - әр адамның міндеттерінің міндеті» деген С. Алпысқызы.

Балаға сеніммен қарау баланы тек қуаттандыра түседі», – деп белгілі педагог Ш.Амонашвили айтқандай мұғалім шеберлігі мен білімділігі «Өзін-өзі тану» пәнінің құндылығы мен маңыздылығын аша түседі. Өзін-өзі тану пәні әлемдегі ең басты құндылық – адамның өмір сүруі үшін, бақыт үшін, қуаныш үшін жаралғандығына негізделеді. Ш.Амонашвилидің «Күлкім менің, қайдасын?» атты еңбегінде өмірдің осындай қарапайым ақиқатына – жақсы адам болуға баланы жастайынан үйрету керек. Бұл тұрғыда мұғалімнің рөлі аса зор. Өйткені ол оқыту мен тәрбиелеудің қазіргі әдістемесін жеткілікті меңгеріп, балалар психологиясын терең талдай отырып, белгілі бір жастағы балаларға бағытталған педагогикалық процесті ұйымдастыра алады.

С.Назарбаеваның «Өзін-өзі тану» авторлық бағдарламасының алға қойған мақсатының өзі ерекше. Себебі өзін-өзі тану баланы өзінің қадірін өзі білуге, өзін сыйлауға, өзгелердің талқы-талдауына тәуелді болмауға, өзін-өзі жетілдіруге, рухани өмірде және қоршаған өмір жағдайларында өзінің бағыт-бағдарының болуына, өз бетінше шешім қабылдай алуына және өз сөзі мен әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіне білуге тәрбиелейді. «Өзін - өзі тану» пәнін оқытудың негізгі шарттары:

- Мектепте сүйіспеншілік, сенім, шабытты шығармашылық, өзінді-өзің зерттеу, өзінді түйсікпен ұғынуды дамыту атмосферасын құру үшін жағдай жасау;

- Рухани-адамгершілік білім беруді мектептің тұтастай педагогикалық үдерісімен ықпалдастыру;
- Рухани-адамгершілік білім беру үдерісінде тек қана позитивті және ізгі әдістерді қолдану қажеттілігі.

Бағдарламаны жүзеге асыру қағидаты:

- Гуманистік бағыттағы қағидаттар;
- Жалпыадамзаттық құндылықтар қағидаты;
- Әлеуметтік ынтымақтастық қағидаты;
- Ұлттық рухани мұра қағидаттары;
- Табиғи жас ерекшеліктеріне сай қағидаттардан тұрады.

Өзін-өзі тану пәнінде жалпы адамзаттық құндылықтар ақиқат, дұрыс әрекет тәрбиесі, ішкі тыныштық, ұстаз ұлағаты, қиянат жасамау сүйіспеншілік деп бөлінеді.

Өзін-өзі тәрбиелеу адамның жеке «Мендігін»- жүйелі түрде зерттеуін, қажымас қайраттылықты, үлкен ерік-жігерлік күшті қажет етеді. Өзін-өзі тәрбиелеу мектебі адамнан көптеген күш-қайратты жоғары дәрежедегі ұйымдастырушылықты, өзіне деген сын көзбен қарауды талап етеді. Неміс ақыны Ф.Логау былай деп тегін айтпаған шығар: «Өзіңмен өзің түскен күрес – ең қиын күрес, өзіңді өзің жеңген жеңіс – ең ұлы жеңіс». Өзін-өзі тәрбиелеу адамның рухани қажеттіліктерін қалыптастыруға бағытталған. Адамның өзін-өзі жетілдіріп, өзімен жұмыс істеуінде кітаптардың маңыздылығы зор. Өйткені, кітаптар бізді жақсы адам болуға ынталандырады, қызықты адамдармен таныстырады. Өзін-өзі тәрбиелеудің маңызды бөлігі -мотивтерді, ынтаны дамыту. Жақсы, ақ ниетті болуға талпынбай, адамзаттың білімдер байлығын, адамзат мәдениетін игеруге тырыспай жан-жақты тәрбиелі және білімді адам болу мүмкін емес. Психологиялық-педагогикалық ғылымдарда өзін-өзі тәрбиелеудің кең қолданылатын тәсілдері болып өзіне-өзі баға беру, өзіне-өзі бұйыру, өзін-өзі құптау, өзін-өзі түзету және т.б. саналады.

Өзін-өзі тәрбиелеу өзін-өзі бағалаудан басталады. Өзін-өзі бағалаудың негізін жеке адамның өзі қабылдаған құндылықтар жүйесі, тұлғаның жеке маңыздылықтар жүйесі құрайды. Өзін-өзі бағалау адамның өзін басқа адамдармен салыстыру арқылы қалыптасады, және осындай салыстыру табиғи түрде жүргізіледі де өте қызықты болды. Тұтас педагогикалық процесстегі қатынастар жүйесіне енгеннен бастап бала өзін басқа балалармен салыстырып, зерттеп, мынандай сұрақтарға: «-Неге мен осындаймын?», «Басқалар мені қалай қабылдайды?», «Өмірде мен қандай жетістіктерге жете аламын?»-деген сұрақтарға жауап іздеп, өзінің барлық мүмкіндіктерін көрсетуге тырысады. Өзін-өзі нақты бағалау, өзін-өзі тәрбиелеудің мақсаттарын дұрыс құрастыруға мүмкіндік береді. Өзін-өзі бағалау жоғарлатылған, нақты, төмендетілген болуы мүмкін. Тұрақты және жаңа ақпараттар әсеріне, жинақтаған тәжірибесіне, қоршаған адамдардың пікірлеріне байланысты өзгеріп отыратын бейімделгіш өзін-өзі бағалау түрі адамның дамуы мен тиімді еңбек етуі үшін ең қолайлы бағалау болып саналады. Оқушылардың назары «Ақ ниет, кеңпейілдік, адалдық пен

қайырымдылық сияқты ізгі бақыт пен дәулетке жеткізеді» тұжырымына аударылады.

Ақ ниетті деп көңілі таза, пейілі ақ, адал пиғылды адамды айтамыз. Ниет ықылас-ынтаны білдіреді. Ол адамның мінезімен, ерік жигерімен, мақсат мүддесімен сабақтасып жатады. Адалдық- шыншылдық, әділдік, уәдесінде тұрушылық сияқты қасиеттердің жиынтығы. Адал адамның бойында таза ниет, имандылық, жауапкершілік молынан табылады. Адал адам іс-әрекетті беріктікпен, тазалықпен адал орындайды, басқаға қиянат жасамайды, шындықты қорғайды, Отанға беріле қызмет етеді. Кеңпейілдік- адам бойындағы жақсы қайет. Кеңпейілдік адам айналасына жайлы, қолы ашық, алды кең, пейілі жомарт болып келеді. Қайырымдылық- адамның асыл қайеті. Қайырымды кісінің айналасындағы адамдарға ықыласы мен көмегі, адамгершілік қарым-қатынасы мол болады. Міне осындай ізгі қасиеттерді бойына дарытып, игілікті іспен айналысу- адамды бақыт пен дәулетке, яғни адамның іс-әрекеті мағыналы да болып, мақсатының орындалуына, ризашылық сезіммен өмірдің қызық қуанышына бөленіп, жақсылыққа кенелуіне жетелейді.

### **Дәріс 12 Әлеуметтік қорғау және реабилитациялық технологиялары**

Әлеуметтік педагогтің кәсіби қызметіне қатысты құқықтық құжаттарда оның жалпы бейнесі бейнеленген, яғни, міндеттері, қызметтері, қызмет саласы, маманның білімі мен біліктілігі бейнеленген. Алайда, әлеуметтік педагог жұмыс жасайтын қызметтің нақты түрі көрсетілмеген, мысалы, әлеуметтік педагог жұмыс жасайтын мекеменің ерекшелігі (мектеп, балалар үйі, балалар ауруханасы, реабилитация орталығы және т.б.). Бұған себеп қазіргі кезде елімізде әлеуметтік педагогтың қызмет саласының әлі дұрыс дамымағандығы. Алайда, елімізде бұл сала ақсандағанымен шетелдік тәжіри көрсеткендей әлеуметтік педагогтар қайырымдылық саласында да өзіндік ерекшеліктерге ие бола алады.

Әлеуметтік педагог қызметінің басты міндеттері қоғамда баланың интеграциялануына көмек, оның дамуына, тәрбиесіне, білім беруіне, кәсіби қалыптасуына көмек, басқаша айтқанда оның әлеуметтенуіне көмек көрсету болып табылады деп қарастыруға болады. Қайырымдылық қорларының міндеті көмекті қажет етушілерге материалдық, қайтарымсыз жұмыс жасау арқылы немесе басқа да қажетті көмекті көрсету болып табылады. Мысалы, қазіргі кезде кең дамыған қайырымдылық көмектің түрі балалар үйінде тәрбиеленгендерге немесе жазылуы қиын аурумен ауыратын балаларға қайырымдылық жасау сынды көмек. Бұл көмекті көрсетуде жұмыс жасау әлеуметтік педагогтің міндеттеріне кіреді. Жоғарыда көрсетілгендей, әлеуметтік педагог қызметінің міндеті балалардың әлеуметтенуіне көмек беру, әлеуметтенудің дұрыс бағыты көп кезде балалар үйінде бұзылады. Балалар үйінде тәрбиеленетін балалардың әлеуметтенуінде әлеуметтік педагогтың кәсіби қызметінің қажеттілігі салыстырмалы түрде кең. Осы себепті де, қайырымдылық қорларының дұрыс жұмыс жасауын, баланың әлеуметтенуіне кері әсерін тигізбеуін қадағалап, сонымен жұмыс жасайтын

әлеуметтік педагог қызметі. Қайырымдылық қорларында арнайы мамандар жұмыс жасаса, олардың ісі сәтті әрі тиімді болады.

Сәйкесінше, әлеуметтік педагог қызметінің мақсаты баланың қауіпсіздігі мен, оның психологиялық комфорттына, оның әлеуметтік, құқықтық, психологиялық, медициналық, педагогикалық қажеттіліктерінің қанағаттандырылуына жағдай жасау болып табылады.

**Дәріс 13 Мәдени дем алу мен ойын-сауықты ұйымдастыру технологиясы** Психодраманың негізін салушы Якоб Леви Морено (1889-1974). Университетте оқумен қатар, Морено ойын әдістемелерінің терапевттік потенциалдары туралы да ойлады. Бұған түрткі болған оның балалар ойынына қарауы еді, процесс кезінде ол серуендеп жүрген балалардың өз қиялдарына берілулеріне де көңіл бөлді. Морено балалардың шығармашылығын және спонтандылығын дамыту үшін

Морено үлкендер үшін «балалар патшалығын» түсінікті болуы туралы ойлады. Ол Венаның үйлерінің бірінен соңғы қабаттан пәтер жалдап, сонда ол өзінің актер достарымен рөлдік және импровизациялық ойындар ұйымдастыратын, әркім өз тілеуі бойынша әртүрлі рөлдерді ойнай алатын импровизация Театрын құрды. Импровизациялық Театр жеке қабілетінің өзгеруінің практикасына немесе психикалық дамуының гармонизациясына бағытталмаған еді. Ұқсас позитивті әрекеттер тек театрлық қойылымдардың қосалқы әсерлері ретінде белгіленді. Мореноның басты идеясы және оның негізгі дәлелдері рухани түрде болды: өз ойын еркін жеткізу үшін шексіз мүмкіндікті шығармашылық МЕНді өмір театрында нақтылау қажет.

1925 жылы Морено АҚШқа қоныс аударды. Бэкон қаласында (Нью Йорк штаты) ол жеке психиатриялық санатория ашады. Оның негізінде импровизациялық театрды дамыту жалғасатын терапевттік театр құрылады. Театр үш қабатты сахнадан, көрермендік залдан тұратын балконнан тұрады. Бұл сахнада Морено көп жылдар бойы вендік жол салушылардан психодраманы құрып, оны көп дербес техникалардан тұратын дифференциалды психотерапевттік әдіске айналдырды.

1931-1932 жылдары Морено топтық жұмыс кезінде спецификациялық құрамды операцияларды анықтау үшін «топтық психотерапия» терминін енгізді. 1942 жылы Бэкон қаласында психодраманың қажетті бір бөлігі болып қалатын әдістерін зерттейтін және техникалық тәсілдерді өңдейтін психодраматикалық терапия клиникасы ашылды.

Ойын-сауық құрмаған ел, сауығымен серпілмеген ұрпақ, ойнамайтын бала жоқ; көңіл көтермейтін адам, сауық құрмайтын халық жоқ. Қашанда болмасын ойын-сауыққа үлкен-кішінің бәрі де әуес.

Ойын-сауық - адам тіршілігі мен тынысының қажеттілігі. Ойын арқылы адам тіршіліктің қуатын, ырғағы мен үндесушілігін, айбыны мен игілігін өз болмысына аударады. Ойын - өнер, еңбекпен келетін өнеге. Есін жиған тұйықтыққа көне ме? Иә, ойын арқылы кім болмасын ересек өмірге дайындалды, өзін салтанатты өмірге сайлады. Ойын - түрлі қасиеттердің тоғысуы, қабілеттің озуы. Соның ішінде тәндік, жандық, парасаттылық,

моральдық, рухани құндылықтардың жарысуы, қабысуы, жеңіске жетуі айқын білініп жатады. Ол қандай ортаға тән құбылыс еді? Әрине, бір басына жетерлік дәулеті, ынтымағы басым әулеті, ажарлар сәулеті бар ортада ойын-сауық өмірдің берекесі мен қызығын келтірді. Ойын-сауық мол жайылған дастарқаннан, шаттықтағы отбасынан оттық алды.

Ойын арқылы оның жетістігі мен кемшілігін, басқалармен қарым-қатынасын білуге мүмкіндік туады. Бірақ бұл философтардың назарынан тыс қалды. Басқаша айтқанда, ойын феномені философиялық талдаудың объектісіне айналуы үшін адамның болмыстағы жаңа стратегиясы қажет болды және осы ХХ ғасыр философиясы мен мәдениет теорияларында жүзеге асты. Й. Хейзинга бойынша, “ойын мәдениеттен бұрын пайда болған, себебі мәдениеттің өзі ертеде ойын сипатында болды, кейіннен ойын дами келе, күрделеніп біздің түсінігіміздегі мәдениет құбылысына айналды.

Ойынға, бәсекелестікке, белгісіздікке, тұрақсыздыққа талдау жасау – ХХ ғасырдың ортасындағы философиялық ізденістерге тән нәрсе. З. Н. Исмағамбетованың ойы бойынша, қалыптасу ретіндегі болмыс жорамалының өзін-өзі ақтауы болмыстың «жаңа» стратегиясы мен ол жүзеге аса бастаған ойынның жаңа формаларын зерттеу жолындағы алғашқы қадамы болды. Бірақ болмыстың мұндай стратегиясын негіздеу үшін жаңа терминология, ұғымдық формалар дайындап алу қажет болды. Егер болмысты қалыптасу ретінде түсінсек, онда бұрынғы логика мен оның категориялық аппаратының жарамайтыны анық, өйткені ол логика болмыстың тұрақты және өзгермейтін деп түсіндірілетін бағдарламасына орай жасалынған еді. Жаңа категориалық тіл мен интеллектуалдық әрекеттің жаңа ережесін дайындау болмыстың жаңа стратегиясын қалыптастырудағы негізгі міндеттер саналады және бұл міндетті постмодернизм философиясы, мәдени антропология, мәдениет философиясы (ең алдымен – Й. Хейзинганың ойыншы адам ілімі) шешуге ұмтылады. Антикалық ойшылдар ойынды адам мен космос арасындағы гармониялық үндестік идеясы ретінде қарастырса, Платон: «өмірдің жалғыз дұрыс жолы — ойынды, би билеуді құдайдың берген сыйы деп бағалайды. Осыдан барып «адамға мейрам не үшін қажет» деген сұрақ туындайды. Платон мейрамның адамның қоғамдық өміріндегі әлеуметтік маңызын көрсетеді. Расында да Апполонға, Дионис пен Музаға бағынышты ойындардың табиғи мусикалық формасы осы мерекелердің негізінде жатыр. Ойындар мейрамды қызықты көрініс пен рухани энергияның туындауына, адам көңіл-күйінің көтерілуіне бағыттайды.

Ал Аристотель болса өзінің «Никомах этикасы атты еңбегінде ойын аспектісін: «Бақыт дегеніміз, ойын-сауықпен көңіл көтеру емес. Мақсат көңіл көтеру болса да, адам өмір бақи жұмыс істеп бүкіл қиыншылықтарды көңіл көтеруге жету үшін жеңу керек» деп түсіндіреді. Ойын ол үшін психофизиологиялық катарсис, рухани және физиологиялық күштің қалыптасу құралы болып табылады. Немістің ұлы ғалымы И. Кант рухтың физикалық мәдениетін қарастыра отырып, ойын элементіндегі жан

мәдениетінің қалыптасуына айрықша көңіл бөледі. Ойшыл оны рухтың физикалық мәдениеті, яғни, «еркін ойын» және «жұмыс» деп екі формаға бөліп көрсетеді. И. Кант еркін ойын түсінігін эстетикаға алғаш кіргізгендердің бірі.

Ойын мәселесі әр кезеңде әртүрлі қарастырылумен қатар оның ерекшеліктеріне аса мән беріліп қарама-қайшы пікірлер де айтылған. Мысалы, американ психологі Г.С. Холл: “Ойынды адамзаттың қажетсіз іскерлігі, қажетсіз дүние, адам денесіндегі қажетсіз мүше секілдің деуімен бірге оны детерминация жағынан қарастырып мынадай тұжырым жасаған: «Жас сәби өскенге дейінгі стадиясымен (стадия жануар) жабайы, көшпенді, аңшылық, жер өңдеуші, яғни, адамзат дамуының негізгі дәуірлерін қайталайды. Бүгінгі өркениетті баланың өзінде де бүкіл адамзаттың өткен сатысы ойын элементтері арқылы көрсетіледі. Олардың ойындарынан кейбір үнді тайпаларының тұрмыс-тіршілігінің кейбір кезеңдерін көруге болады» деген.

Г. Холлдың пікіріне сүйенсек, ойынның бүтіндей түп негізі өткенге көз тастау болып шығады. Қазіргі кездегі саналы адамдардың өзінде алғашқы кезеңдегі инстинктер бар. Бұлар өркениет өміріне қарама-қайшы және бүгінгі адам өміріне кедергі келтіреді. Ежелгі әдет-ғұрыптар мен алғашқы инстинктер еркін көрсетілсе, онда олар біртіндеп әлсіреп, қазіргі мәдениет пен қоғамға зиян келтірмейді. Егер био-инстинк бөлігі алып тасталған жағдайда бүгінгі мәдени даму кезеңіне көңіл аударылады. Одан ойынның тарихи тамырын көруге болады дегенге кеп тіреледі.

Ойын жайлы бұлармен қатар Л.С. Выготский, Ж. Пиаже, Хосе Ортега-и-Гассет, Э.Т. Эриксон, А.А. Ивин, т.б. көптеген ғұламалар қарастырған. Ол туралы ережелер мен сценарийлер ондаған, жүздеген жылдар бойы қалыптасып қолданылған. Оны қалыптастыруға, біріне-бірі ауыстыруға бірнеше ұрпақ қатысқан.

Осындай еңбектердің ішіндегі бізді ерекше қызықтырып, көңілімізді аударғаны-нидерланд ғалымы, тарихшы-философ Йохан Хейзинганың концепциялары. Оның «Орта ғасырдың күзі», «Ойын ойнайтын адам» тақырыбындағы шығармалары мәдениет тарихына үнілдіреді. XX ғасырдың 30-жылдарында ол мәдениетті түсіндіруде ойын концепциясын тұңғыш ұсынды. Мәдениеттің архаизмдік қоғамнан бүгінгі батыстық қоғамға дейінгі әртүрлі формасының ойындық жағын өңдей отырып Й. Хейзинга ойынның адамзат дамуында мәдениет факторы болғанын анықтайды. Сонымен бірге ол адам қоғамы пайда болуы кезеңіндегі ойын формаларын талдап, оларға тән қуаныш пен әдемілікті белгілейді дей отырып: «Адам денесіндегі сұлулық қозғалысы ойында көрінеді. Жоғары дамыған ойын формаларында ритм мен үндесушілік бар» дейді.

#### **Дәріс 14 Ақпараттық технология және оны қолдану жолдары**

XXI ғасыр – жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Ел өмірінің барлық салаларында компьютерлендіру процесі аяқталып, алдымызда келешек жас ұрпаққа компьютердің қыр-сырын терең меңгертіп, әлемдік



білім кеңістігіне ену мақсаты тұр. Ел болашағы – білімді ұрпақта. Технологияның күн сайын үздіксіз дамып, өзгеріп, жаңарып жатқан ақпарат заманында өмір сүру – күрделі дайындықты талап етеді. Осындай ақпараттық кеңістікке баланы дайындау бүгінгі күні заман талабына айналып отыр. Оқушылардың ақпараттық құзыреттілік қоғамда өмір сүруге дайындау үшін оларды ойша ойлауға, талдау жасай білуге, коммуникативтік дағдыларын дамытуға, ақпараттық сауаттылық пен ақпараттық тәрбиелеу қажет, олардың әлемнің жүйелік-ақпараттық бейнесін, ақпараттық құзыреттілік қалыптастыру және олардың өзін-өзі жетілдіре отырып, қызмет субъектісі деңгейіне көтеруін қамтамасыз ету керек.

Адам іс-әрекетінің әртүрлі салаларында, сонымен қатар, білім саласында ақпараттық технологиялардың жаңаша құралдарын қолдану бүгінгі күні үлкен өзектілікке ие болып отыр. Отандық және шетелдік оқулықтарда білім процессін компьютерлендіру ең өзекті факторлардың бірі ретінде қарастырылады.

Қазіргі кезде жаңа білім жүйесі интернеттің пайда болуының арқасында дамығанын барлығы мойындайды. Көптеген әдіскерлер видеофильм, электрондық пошта (e-mail), мультимедиялық презентация, анимациялық суреттер және т.б. көмегімен шетел тілінде монолог және диалог түрінде сөйлеу қабілетін қалыптастыратын жаттығуларды құрастырумен айналысып жатыр. Ал шетелде болмай-ақ, сол елдің тілінде сөйлей алу қабілетіне ие болу оңай емес. Сондықтан, мұғалімнің маңызды тапсырмасының бірі шет тілі сабағында жаңа технологиялардың түрлі амалдарын қолдана отырып, сөйлеудің шын ситуацияларын құру болып табылады. Компьютер технологияларын қолдану сабақты қызықты жолмен өткізуге көмектеседі. Мысалы, анимациялық суреттер, видео-көріністер, презентациялар және т.б. әртүрлі дыбыстар арқылы көрсетіледі. Компьютер мониторындағы көріністер оқушының іс-қимылының арқасында өзгеріп отырады. Бұл динамикалық және оқушының бар ойын өзіне бағыттайды, сонымен қатар, оқу процессінде оқушының белсенділігі оянады. Нәтижесінде, оқушы ақпаратты оңай әрі тез қабылдайды және оқушының ынтасы мен қызығушылығы жоғарылайды.

XXI ғасырды қоғамдық ақпараттандыру ғасыры деп жай атамаған. Компьютер - адам іс-әрекетінің барлық салаларында қолданылады. Дүниежүзілік қоғамдастықта қоғамдық өмірдің барлық саласын глобальді ақпараттандыру процессі дамытылуда. Экономикалық жағдай, адам өмірінің сапасы, ұлттық қауіпсіздік және мемлекеттің дүниежүзілік қоғамдастықтағы рөлі ақпараттық-технологиялық дамудың және оның даму қарқынының даму дәрежесіне байланысты. Барлық экономикалық дамыған елдерде және көптеген дамушы елдерде білім беру жүйесін ақпараттандырудың қарқынды процессі жүріп жатыр. Жалпы білімді жоғарылату жолдары жасалып жатыр және оқыту процессіне жаңа ақпараттық құзіреттілік енгізуге көп қаражат бөлінуде.

«Ақпарат» термині латынның *Informatio* - «түсіндіру» «мазмұндама» деген сөзінен шыққан, бір нәрсені жетілдіріп, түсіндіру деген мағынаны

білдіреді. Ақпараттар алмастырылады, сақталады, өңделеді және белгілі бір тапсырманы шешу үшін қолданылады. Ақпаратты қандай да бір мәліметтердің жиынтығы деп түсінуге болмайды. Ақпарат белгілі бір мәселелерді шешуге қажетті, ұғынықты және белгілі бір дәрежедегі бағалылығы танылған білім болып табылады. Қазақ Ұлттық энциклопедиясында: «ақпарат» (информация, лат. Informatio – түсіндіру, баяндау, хабардар ету); істің жағдайы, қандай да болмасын оқиға немесе біреудің қызметі туралы хабарлау, мәлімет беру және т.б. түсінік беріледі. Ақпарат – *мәтін, сурет, кесте, графика, сан, әуен, дыбыс, иіс*, аралас түрде беріледі. Мысалы: *кітапта ақпарат* мәтін, сан; халықтың өсімі, сирек кездесетін жануарлардың азаюы кесте; шаруашылықтың дамуы график, диаграмма; жаңа ән дыбыс, әуен түрінде берілетінін түсіндіре отырып, түрлі деректемелер келтіруге болады, мысалы, электрондық оқулықтардағы бейне материалдар.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, әрі жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және басқа да көптеген адам келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. «Технологиялық білім» термині жиырмасыншы ғасырдың 40-50 жылдары пайда болды. Бұл термин тұрмыстық құрал – жабдықтарға (үнтаспа, телевизор және т.б.), сол сияқты оқу процесінде техникалық құрал – жабдықтарға байланысты қолданылып келген. 50-60 жылдары «Технологиялық білім» термині бағдарлама оқыту идеясын тарату мақсатында педагогикалық процесте әдіс - тәсіл жиынтығы ретінде қолданылған.

Кейінгі жылдары «педагогикалық технология» түсінігінің жаңа даму кезеңі жүріп жатыр. «Педагогикалық технология» мұғалім мен оқушының іс-әрекеттерінің біріккен жүйесі арқылы іске асатын, ақпаратты білім беру нәтижесі және рефлексия негізінде білім алуға бағытталған, бір үлгідегі педагогикалық жүйе деген түсінікті береді. *Педагогикалық жүйе құрылымы*: оқу және тәрбиелеу мақсатында нақты жүйелі дидактикалық, педагогикалық зерттеу жүргізу; студент меңгеруге тиісті ақпарат мазмұнын толықтыра отырып, жүйелеу; қажетті дидактикалық, техникалық оқу құралдарын кешенді қолдану және оны дұрыс қолдануын қадағалап отыру; тәрбиелеу және диагностикалық оқыту жүйесін дамыту; оқушыға жоғары деңгейде *сапалы білім беруге кепілдеме беру мәселелерін қарастырады*.

**Дәріс 15 «Паблик рилейшнз», «PR», «паблистики» түсініктері. Қоғамы байланыс технологиясының мақсаты.**

**Паблик рилейшнз** (public relations – көпшілікпен қарым-қатынас) – мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар мен әлеуметтік құрылымдар арасындағы қарым-қатынастар жүйесі; қоғаммен байланыстардың жаңа кәсіпкерлік салласы; қоғам мен ұйымдар арасындағы өзара түсінушілікке қол жеткізуге бағытталған қызмет.

Бастапқыда *паблик рилейшнз* ұғымы ұйым мен жұртшылықтың арасындағы қарым-қатынастың ерекше түрі, жұртшылықпен өзара пайдалы әрі тиімді қарым-қатынас орнату, халықтың, сондай-ақ, т.б. қоғамдық ұйымдар тарапынан өзіне жағымды көзқарас қалыптастыру мақсатында ұйым жүзеге асыратын басқару түрі (немесе *функциясы*) ретінде қолданылды. Паблик рилейшнз еркін баспасөз бен ақпарат еркіндігіне негізделетін инновац. басқару жүйесі ретінде түрлі кең көлемді жобаларды ақпаратпен қамтамасыз етеді. Оның мақсаты – ортақ көзқарастар мен мүдделерді анықтау және сенімділік ауанын қалыптастыруға негізделген өзара түсіністікке қол жеткізу үшін екі жақты қарым-қатынас орнату.

Паблик рилейшнз бағдарламасының негізгі міндеттері: адамдар арасындағы қарым-қатынас жолдарын жақсарту, екі жақты ақпарат ағымы мен түсіністікті қалыптастыру әдістерін әзірлеу, ұйымның басшылығын қоғамдық пікір турасында ақпаратпен қамтамасыз ету, жұртшылықтың мүддесіне қарай басшылықтың қызметін қамтамасыз ету; бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс жасау, ұйымның имиджін нығайту, т.б. Паблик рилейшнз өзінің міндетін атқару барысында шын ақпаратқа негізделеді, адамдарға белгілі бір көзқарасты ұстану, қайсыбір пікірлер мен идеяларды қабылдауды (теріске шығаруды) ұсынады, міндетті түрде екі жақты байланыс тетіктерін жолға қоюды ұйғарады. Дамыған елдердің көбісінде Паблик рилейшнз кез келген ұйымның қоршаған әлеум. ортасымен қарым-қатынас тетігінің ажырамас бөлігіне айналған.

**Пиар-технологиялар, PR-технологиялар** - [ағылш. *PR, public relation* - жұртшылықпен (қоғаммен) байланыс] - хьютек-технологиялардың бір бағыты. PR деп ұйым мен қоғамның арасындағы өзара түсіністік пен өзара байланысты орнатып, тұрақтылығын сақтап отыруға, қоғамдық пікірді зерттеуге, оның даму ерекшеліктерін болжап, оған ілтипатпен жауап қайыруға, басшылыққа уақыт талабына сай болуға және ұйымның, оның қызметінің, даму бағытының жағымды бейнесін қалыптастыруға бағытталған басқарудың ерекше қызметі түсініледі. XX ғ. ортасынан PR-технологиялар әртүрлі салаларда - саяси кампанияларды жүргізуден өз халқының арасында, қала берді халықаралық деңгейде мемлекеттің имиджін қалыптастырып, көтеруге дейінгі аралықта қолданыла бастады. Экономиканың жаһандануы жағдайында елдің жағымды имиджін қалыптастыру экономикалық әріптестік пен экономикалық жағдайдың жақсаруына тікелей әсер етеді, өйткені, мемлекетке және оның агенттеріне сенімнің артуына және халықаралық қарыз-несие саласында елеулі жеңілдіктер алуға септігін тигізеді. Сонымен қатар, PR-технологиялар әртүрлі елдермен өз құндылықтар жүйесі мен әлемдік қауымдастық саласында ықпалын (мәдени және экономикалық) арттыруда белсенді түрде қолданыла бастады. PR-кампанияны жүргізудің стратегиясында RACE:

**R** (*research*) жүйесі қолданылады - міндетті қою және талдау;

**A** (*action*) - жалпы бағдарламаны және тұжырымдаманы жасау;

**C** (*communication*) - алға қойылған мақсаттарға жету жолында коммуникативті байланыстар орнату;

**Е** (*evolution*) - кері байланысты қамтамасыз ету, нәтижелерді қорытындылау және түзетулер енгізу. PR-технологиялардың түрлері.

Ғаламдық PR-кампаниялар жүргізу үшін сын тезінен өткен дәстүрлі PR-технологиялар қолданылады: үгіт-насихат; промоушн (promotion) - талап етілген бағытта қоғамдық пікір қалыптастыру; паблисити (publicity) - сәйкес БАҚ-да жағымды ақпараттың пайда болуына жағдай жасау, жұртшылықты хабарландыру (public information), медиарилейшн (media relation) - саяси іс-әрекетті ақпараттық сүйемелдеу; басын айналдыру (brainwashing) - әсер етудің қарқынды түрлері; сыбыс тарату. Дағдарысты технологиялар - кейін шегінер жолды алдын ала ойластырып қойып, дағдарысты жағдайды әдейі ойдан шығару.